



МАНДАЙША МЕН
МӘЗІРІМІЗ ҚАШАН
ТҮЗЕЛЕДІ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ЖАҚЫНЫНА ЖҰҒЫМЫ
БОЛМАСА...

6-БЕТ | ҚОҒАМ



«ЖОЛЫ БОЛҒЫШ ЖІГІТ»
ЖАҒАША ЖАҢҒЫРДЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

БІЗ «БІРЛІГІМІЗ – ӘРАЛУАНДЫҚТА»
ИДЕОЛОГИЯСЫН ТЕМІРҚАЗЫҚ ЕТІП
ҰСТАНЫП ОТЫРМЫЗ. ҰЛТЫМЫЗ БЕН
НАНЫМ-СЕНІМІМІЗ ӘРТҮРЛІ ЕКЕНІНЕ
ҚАРАМАСТАН, БІР ҚОҒАМДА ТҮТАС
ХАЛЫҚ БОЛЫП ӨМІР СҮРЕМІЗ. МЕН
БАРШАҢЫЗДЫ ОСЫНАУ ТЕРЕҢ ҮДЕРІСТІ
ТОЛЫҚ ТҮСІНУГЕ ШАҚЫРАМЫН. СОНДА
ҒАНА ТАБЫСҚА ЖЕТЕ АЛАМЫЗ.

№18
(4762)
Сенбі
15 ақпан
2025 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

AQSHAMY

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЕЛОРДАДАҒЫ БІРҚАТАР НЫСАНДЫ АРАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кеше елордамыздағы бірқатар нысанды аралады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің жаңа ғимаратына, Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетіне барып, атқарылған жұмыстармен танысты.

ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ – АЗИАДА ЧЕМПИОНЫ

Қазақстан ерлер хоккей командасы Қытайдың Харбин қаласында өтіп жатқан ІХ қысқы Азия ойындарында чемпион атанды.

Азиада ойындарының соңғы күнінде Қазақстан құрамасы Жапония хоккейшілерімен кездесіп, 5:0 есебімен жеңіске жетті. Ойын барысында Андрей Буяльский мен Кирилл Панюка қос голдан соқса, Роман Старченко қарсыластар қақпасынан саңылау тапты. Жалпы, Қазақстан хоккейшілері Азиада ойындарындағы барлық ойындарды жеңіске жетті. Ал Қазақстанның хоккейші

қыздары күміс жүлдегер атанды.

Азиада ойындарының жүлделер қорытындысында Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте төртінші орын (4 алтын, 9 күміс, 7 қола) алды. Бірінші орынды Қытай (32 алтын, 27 күміс, 26 қола), екінші орынды Оңтүстік Корея (16 алтын, 15 күміс, 14 қола), үшінші орынды Жапония (10 алтын, 12 күміс, 15 қола) спортшылары түйіндеді.



ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ БАСТАЛДЫ

ҚР Қорғаныс министрлігі Мемлекет басшысының заңнамаларымен бекітілген мерзімді әскери қызметке шақыру туралы Жарлығы шыққанын хабарлады.

Жарлық «Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегіз бен жиырма жеті жас аралығындағы ер-азаматтарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Ішкі істер министрлігіне, Төтенше жағдайлар министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Мемлекеттік күзет қызметіне мерзімді әскери қызметке шақыруға» қаулы етеді.

«2025 жылы әскерге шақыру жасындағы 42000-нан астам азамат шақырылуға жатады. Әскерге шақырылушыларды хабардар ету шақыру қағаздары мен SMS-хабарламалар арқылы жүзеге асырылатын болады. Мерзімді әскери қызметке шақырудан жалтарғаны үшін қолданыстағы заңнамада әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған» делінген министрлік хабарламасында.

ОРТАША
ЗЕЙНЕТАҚЫ – **143 248 т**

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА **346 млрд**

ТЕҢГЕГЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ
ТӨЛЕНДІ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 518.59 \$ USD/KZT 497.88 ₸ RUB/KZT 5.44 ¥ CNY/KZT 68.27

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ЕЛОРДАДАҒЫ БІРҚАТАР НЫСАНДЫ АРАЛАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АЛҒАШҚЫ АРХИВ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің жаңа ғимаратына барды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сай архив Алматыдан Астанаға көшірілді. Бұл ел тарихына қатысты құжаттар сақталатын орын ғана емес, білім және ғылыми-әдістемелік кешен ретінде қызмет көрсететін Орталық Азиядағы алғашқы архив болмақ.

Арнаулы ғимаратта мұрағат қоймасы, зертханалар, интерактивті экспозиция және оқырман залдары, жұмыс бөлмелері мен әкімшілік аумақ орналасқан. Мұндағы 24 мұрағат қоймасы қағаз жүзіндегі құжаттарды, дыбыстық-бейнелік жазбаларды сақтауға, сондай-ақ шағын таспалардағы және электрондық құжаттарды сақтандыру қорын орналастыруға арналған.

Президент Архивінде Қазақстанның 1918 жылдан бергі саяси тарихына қатысты құжаттардың мол қоры жинақталған. Атап айтқанда, қорда еліміздің

тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы, сыртқы және ішкі саясаты, халықаралық қатынастары, экономикалық қайта құру үрдістері мен әлеуметтік-мәдени дамуы бойынша материалдар бар.

ҚАЙТА ТҮЛЕГЕН ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде жүргізіліп жатқан қайта жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Мемлекет басшысына жаңғырту жұмыстарынан кейін бас ғимараттың көлемі 10 мың шаршы метрге ұлғайып, 38 мың шаршы метрге жуықтағаны жөнінде баяндалды. Соның нәтижесінде жаңа арнаулы аудиториялар ашуға мүмкіндік туды. Аукымды іс-шаралар өткізетін 1100 орындық үлкен концерт залы пайдалануға беріледі. Бұдан бөлек, оқу корпусында академиялық музыкаға арналған камералық зал, дайындық студиялары, студенттер мен өзге де суретшілердің туындылары қойылатын көрме галереялары бар.



ЕҢБЕК ҚАШАНДА ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жұмысшы мамандықтарының қаласы» фестиваліне барды.

ЕХРО көрме алаңында болашақ мамандардың, жұмыс берушілер мен кәсіптік-техникалық ұйымдардың басын қосқан «Жұмысшы мамандықтарының қаласы» фестивалі өтіп жатыр. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жарияланған

екі күнде іс-шараға 15 мыңнан астам адам келген.

Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика, тау-кен, металлургия, мұнай-газ, құрылыс, ауыл шаруашылығы және тағы да басқа салаларға маман даярлау үдерісімен танысты. Сондай-ақ Президентке еңбек нарығын-

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Украина төңірегіндегі жағдай туралы пікір білдіріп, еліміздің тыныштығы мен тұрақтылығы ең басты құндылық екеніне назар аударды. «Біз «Бірлігіміз – әралуандықта» идеологиясын темірқазық етіп ұстанып отырмыз. Ұлтымыз



«Жұмысшы мамандықтары жылындағы» алғашқы ауқымды іс-шара.

Фестиваль Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен және басқа да салалық ведомстволардың, ұлттық компаниялар мен ірі кәсіпорындардың қолдауымен өтуде. Қалашықтағы 40 интерактивті көрмеде 200-ден астам мамандықтың қыр-сырына қанығып, экономика секторларының ерекшеліктерімен танысуға болады. Фестиваль аясында бірнеше күн бойы түрлі семинарлар, шеберлік сағаттары, инновациялық сессиялар мен жұмыс жәрмеңкелері ұйымдастырылады. Алғашқы

дағы сұранысқа және әр өңірдің ерекшелігіне қарай кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарын трансформациялау мысалдары баяндалды. Президент атом электр стансасы секілді ірі жобаларды жүзеге асыру қарсаңында сапалы білім мен кәсіби дағдыны меңгерген мамандар өте қажет екенін айтты.

Мемлекет басшысы «Жұмысшы мамандықтарының қаласын» аралап көрген соң өңірлерден келген жастармен жүздесті. Президент кез келген еңбек қадірлі, құрметке лайық екеніне назар аударып, жастарды аянбай еңбек етуге шақырды.

бен наным-сеніміміз әртүрлі екеніне қарамастан, бір қоғамда тұтас халық болып өмір сүреміз. Мен баршанызды осынау терең үдерісті толық түсінуге шақырамын. Сонда ғана табысқа жете аламыз. Қазір Украина жөнінде көп айтылып жатыр. Біз алғашқы кезден бастап осы соғысты міндетті түрде тоқтату керек, дипломатиялық келіссөздер арқылы бір мәмілеге келу қажет деп айттық. Бұл ұстанымымыз енді шындыққа айналды. Екі аллауыт ел саяси сұхбат жүргізе бастады. Бұл – жақсы үрдіс. Әрі Қазақстанға пайдасын тигізеді. Сондықтан біз мұны мейлінше қолдаймыз» деді Президент.

ТАСҚЫННАН ҚОРҒАНУҒА ДАЙЫНБЫЗ БА?

Премьер-министр Олжас Бектенов Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында су тасқыны кезеңіне дайындық мәселелері бойынша республикалық кеңес өткізді. Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Мәлік Олжабеков және бірқатар облыс әкімдері қабылданып жатқан іс-шаралар туралы баяндады.

«Қазгидромет» РМК-ның алдын ала гидрологиялық болжамына сәйкес ақпан айында ауа райы жылы болады, жауын-шашын мен температураның өзгеруі күтілуде, соның салдарынан мұз қатуы мүмкін. Наурызда ауа райының жылыну және жауын-шашынның көп болуы су тасқыны қаупін арттырады. Экология және су ресурстары министрлігінің деректері бойынша ылғалдылық көрсеткіштері Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында, Ұлытау, Абай, Жетісу, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстарының батыс бөліктерінде және Алматы, Түркістан, Жамбыл облыстарының тау бөктеріндегі аудандарында норма шегінен жоғары екені байқалады. Сонымен қатар бірқатар өңірде топырақтың қату тереңдігі өткен жылмен салыстырғанда төмен.

Экология және табиғи ресурстар министрі Еран Нысанбаев биылдан бастап бастап су тасқыны кезеңіне арналған жалпыланған гидрологиялық болжамға қоса, әр аймақ бойынша егжей-тегжейлі ақпарат пен кеңестер жеке-жеке беріліп жатқанын баяндады. Олар қауіпті аймақтарда орналасқан нақты елді мекендерді көрсете отырып,



судың ең жоғары деңгейі мен шығынын, гидрологиялық бекеттердегі ағынның көлемін және су тасқыны басталуының болжамды күндерін көрсетеді. Сондай-ақ метеостансалар деректері негізінде гидрологиялық бақылаумен қамтылмаған аумақтардағы еріген судың күтілетін көлемі туралы ақпарат беріледі.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі

Мәлік Олжабеков Tasqun су тасқынын болжаудың жаңа ақпараттық жүйесі сияқты цифрлық шешімдерді енгізу туралы хабарлады. Өзендердің 128 учаскесіндегі 142 гидробекетте су тасқынын модельдеу жүргізіледі. Сонымен қатар су қоймаларынан жіберілетін су мөлшері бойынша жедел мәлімет автоматтандырылған және қауіп-қатерді ертерек ескертуге мүмкіндік беретін GloFAS жаһандық

су тасқыны туралы ескерту жүйесімен біріктірілген.

Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов еліміздегі гидротехникалық құрылыстардың дайындығы туралы баяндады. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша бүгінде 74 нысан қалпына келтірілді, 46-сы жөндеу сатысында, 18-інің жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді. Стратегиялық маңызы бар учаскелерді қоса алғанда, 1 мың шақырымнан астам каналдар, 153 мың шақырымнан астам өзен арналары тазартылып, 205 нысанда жөндеу жұмыстары жүргізілді. Өткен жылы көлемі 245 млн м³ болатын Ақтөбе су қоймасын реконструкциялау жұмыстары аяқталды. Ұзындығы 312,4 шақырым 59 қорғаныс бөгетін қалпына келтіру аяқталу сатысында тұр. Барлық су қоймаларындағы жұмыс режимі жіберілетін су мөлшері бойынша есептеліп жасалды. Траншекаралық ынтымақтастық аясында тұрақты су пайдалануды қамтамасыз ету және су тасқыны кезеңінде ТЖ алдын алу үшін іргелес елдермен белсенді өзара іс-қимыл жүргізілуде.

Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әріновтің мәліметінше, бүгінде су тасқыны қаупі бар аймақта 1 223 елді мекен бар. Оларды қорғау үшін 576 шақырым топырақ үйінділері мен қорғаныс бөгеттері тұрғызылды, 822 шақырым су бұру жүйелері, каналдар мен арықтар жөнделіп, салынды. Автомобиль және теміржол қатынастарында 960 су өткізу құрылыстары орнатылды

және ауыстырылды. 74 өзеннің қауіпті учаскелерінде 500 шақырымға жуық аумақта түбін тереңдету, жағалауды бекіту және арналарды тазарту жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар барлық өңірде тасқынның алдын алу шаралары толық көлемде аяқталған жоқ. Бұл Үкімет Аппараты мен ТЖМ бірлескен тексеру барысында анықталды. Бақылауды ТЖ алдын алу комитеті жүзеге асырады, ол тиісті шараларды, соның ішінде әкімдердің әкімшілік жауапкершілігін қабылдайды.

Премьер-министр Шардара су қоймасынан су жіберудің артуына және Сырдария өзеніндегі жартылай мұз қатуына байланысты қауіпті ескере отырып, Қызылорда облысында су тасқыны кезеңінің өтуіне қатысты мәселе көтерді. Сондай-ақ су тасқыны қаупі бар Атырау және Қостанай облыстарына да назар аударылды. Аталған мәселелер бойынша өңір әкімдері тыңдалды. Өз кезегінде Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев пікір білдірді. «Қазір су тасқыны кезеңіне сақадай-саймыз деп айтуға әлі ерте. Осы күнге дейін тиісті шешімдер қабылданбаған бірқатар мәселе бар. Бұл әсіресе су басу қаупі жоғары аймақтарға қатысты. Қазір, ең алдымен, елді мекендердің су тасқынына нақты дайындық деңгейін тексеру керек. Өрбір елді мекенге барып, қалыптасқан жағдайды жан-жақты саралап, тиісті шаралар қабылдайтын өңірлік комиссиялар құруды тапсырамын. Барлық әкім тікелей жауап береді» деп атап өтті Олжас Бектенов.

ҚОҚЫС ШЫҒАРУ ТАРИФІ ӨСТІ

Елорда мәслихатының кезектен тыс сессиясында Астана қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Дәулет Досқұлов қазіргі тариф кейінгі 5 жыл бойы өзгермегенін айтты.

– Қазіргі тариф бір адамға айына 390 теңге сомасында есептелген. Оның сомасы 5 жыл бойы, яғни 2019 жылдан бері тариф өзгеріссіз болды, ал Алматыда қазірдің өзінде 718 теңге. Орташа есеппен 300 мың адам тұратын еліміздің алты шағын қаласында тариф 400-500 теңгеге дейін өсті. Міндеттемелерді орындау үшін компаниялар өз қаражаттары есебінен құны 4,1 млрд теңгеге 100 жаңа қоқыс шығаратын көлік пен 1 млрд теңгеге жуық 15 мың жаңа контейнер сатып алды. Сондай-ақ қоқыс тасымалдайтын көліктердің бағыттарын, контейнерлердің жай-күйін және олардың толтырылуын онлайн бақылауға мүмкіндік беретін арнайы жүйе енгізілді. Осы шаралардың нәтижесінде қалада оң динамика байқалып отыр, – деді Дәулет Досқұлов.

Оның айтуынша, халық саны 36 пайызға өскен кезде, қалдықтарды шығару шығындары 103 пайызға өскен. Мәселен, кәсіпорындардың нақты шығындары 2019 жылы 260 млн теңге болса, 2024 жылы 544 млн теңгеге жеткен. Бұл көрсеткіштер қазіргі тарифпен бизнеске тиімсіз



екенін байқатып отыр. Тариф кірістерден және кәсіпорындардың табыстылығы мен шығыстары негізінде қалыптасады.

– Бұрын берілген барлық ескертуді және ұсыныстарды ескере отырып, сондай-ақ тұрғындарға түсетін салмақты азайту мақсатында тарифті абаттандырылған сектордың бір тұрғынына 637 теңге және абаттандырылмаған аумақта 679 теңге

мөлшерінде бекіту ұсынылады, – деді басқарма басшысы.

Елордада қолданыстағы тарифтер аясында халықтың әлеуметтік осал топтарына азаматтардың санатына қарай 25 пайыздан 100 пайызға дейін жеңілдіктер қарастырылған. Сонымен қатар, жеңілдіктер мүгедектігі бар, жетім балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға, көпбалалы отбасыларға таралады.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ӘРДАЙЫМ БЕЛСЕНДІ

Астанадағы Сарыарқа ауданы Ардагерлер кеңесінің 20 жылдық мерейтойы аталып өтті. Салтанатты шараға қатысқан Сарыарқа ауданы әкімінің орынбасары Дінмұхамед Кулдашов, Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есіпов аудан ардагерлерін құттықтап, лебізін білдірді. Сондай-ақ бір топ ардагерлер мен кеңес жұмысына белсене атсалысқан азаматтарға Алғыс хат табысталып, олардың аудан дамуына қосқан үлесі ерекше аталып өтті.



Ержан ҚОЖАС

«Бүгінде Сарыарқа ауданында 29 мыңға жуық зейнеткер тұрады. Олардың өмір сапасын жақсарту – біздің басты мақсат. Бұл бағытта 18 мыңнан астам ардагерді біріктіретін 154 ұйым

белсенді жұмыс жүргізуде. Зейнеткерлерді қолдауда «Оптимист», «Зодиак» және «Алтын босаға» орталықтарының маңызы зор. Мұнда аға буын мәдени іс-шараларға қатысып, жастармен кездесіп, өз уақыттарын пайдалы өткізеді. Сонымен қатар, біздің аудан-

да «Белсенді өмір сүру орталығы» жұмыс істеуде, оған күн сайын 100-150 адам келеді. Ал 3 мыңнан астам зейнеткер түрлі үйірмелер мен спорттық секцияларға қатысады» дейді аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Уляш Кусайнова.

Төрағаның сөзінше, Ардагерлер кеңесі қарттарға қамқорлық жасап қана қоймай, жастардың патриоттық және рухани тәрбиесіне де үлкен көңіл бөледі. «Ұрпақтар сабақтастығы» бағдарламасымен Президенттік орталық, ҚР Қарулы күштер музейі, аудан кітапханалары және оқу орындарымен тығыз байланыста.

2004 жылы 16 шілдеде Сарыарқа ауданының Ардагерлер кеңесі құрылды. Аталған ұйым 20 жылда ардагерлер мен зейнеткерлерді біріктіріп, олардың белсенді өмір сүруін қолдайтын және ауданның дамуына елеулі үлес қосатын маңызды қоғамдық күшке айналған.

Салтанатты жиын Е.Рахмадиев атындағы филармония әртістерінің концертімен жалғасты.



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 12 наурызда сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Занды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. ««HAGO» көпфункционалды кешені, 4 қабат» объектілерін орналастыру бөлігінде ЕТЖОЖ әзірлеу бойынша, Астана қаласы, Есіл ауданы, Хусейн бен Талал көшесі ауданы, тапсырыс беруші «STARK detailing» ЖШС.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде zh.suypnova@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ

3

Елорда мәслихатының кезектен тыс сессиясында жер учаскелерін мемлекет қажетіне алуға байланысты жер телімдерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу мәселесі қаралды.

МЕМЛЕКЕТ ҚАЖЕТІНЕ АЛЫНАДЫ

Жақында мәслихаттың тұрақты комиссиясының қарауына мемлекет қажетіне алуға байланысты иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізімі ұсынылған болатын. Сонымен қатар, пайдалануға беру жоспарланған әлеуметтік нысандар, бірқатар көшелер, мектептер, шағын айналма жолдың екі учаскесі, әкімшілік ғимараттың тізбесі таныстырылды.

Мәслихаттың сессиясында Астана қаласы Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының басшысы Әнуар Саипов алынатын жер телімдеріне қатысты түсінік берді. «Тұрғын үй басқармасы мәслихат сессиясының қарауына 1 млрд 260 млн теңге сомасында жалпы ауданы 15 гектар, 16 объект бойынша 58 жер учаскесін сатып алу жөніндегі шарттың жобасын ұсынады» деді Әнуар Саипов.

Жер учаскелерін сатып алу келесі құрылыс нысандары бойынша жүзеге асады:

- Мәңгілік ел және Сығанақ даңғылдарының қиылысы;
- Тоқпанов көшесі маңындағы мектеп;

- Қалдаяқов және Нұрмағамбетов көшелерінің қиылысындағы балабақша;

- №48, 69, А106 және А108 аумағында Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының кешені;

- Айтматов және Қорғалжын көшесі қиылысындағы әкімшілік ғимарат;

- Ақан сері көшесіндегі балабақша құрылысы;

- С645 және Еңлік-Кебек көшесі қиылысындағы мектеп;

- Байтұрсынов және Нәжімеденов даңғылдары арасындағы А-50 мен А51 көшелері;

- Тілендиев даңғылынан Конституция көшесіне дейінгі шағын айналма жол;

- Пушкин көшесінен Конституция көшесіне дейінгі шағын айналма жол;

- Хусейн бен Талал және Қабанбай батыр даңғылдары қиылысындағы әкімшілік ғимарат.

Әнуар Саиповтың айтуынша, жер учаскелерінің меншік иелері ұсынылған өтемақы сомасымен таныстырылды.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ХАЛҚЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2025 жылғы наурыздың екінші онкүндігінде «Астана қаласының көлік жүйесін кешенді дамыту перспективалары» тақырыбына сессия өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ БАҚЫЛАЙДЫ

Астанадағы бейнебақылау жүйесінен «Сергек» кетіп, оның орнына жаңа жүйені БАӘ компаниясы енгізеді. Бұл туралы елорда мәслихатының кезектен тыс сессиясында Астана қаласы Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы Дидар Сүлейменов мәлім етті.

– 2017 жылы «Сергек» жобасы жүзеге асырылды. Биыл 13 наурызында «Көркем Телеком» компаниясымен келісімшарт мерзімі аяқталды. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында және жобаны одан әрі дамыту тұрғысында G42 холдингіне кіретін Presight халықаралық компаниясымен елорда үшін жасанды интеллект негізінде қалалық инфрақұрылымды басқарудың жобалық шешімін іске асыру жұмысын атқардық. Жаңа жобаны қалыптастыру кезінде қазіргі қолданыстағы жүйенің кемшіліктері ескерілді, – деді Дидар Сүлейменов.

Оның айтуынша, жаңа жобада аппараттық-бағдарламалық кешеннің басым бөлігі үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін тұрақты электр энергиясын қосу қарастырылған. Сондай-ақ бейне түсірілімнің үздіксіз берілуін қамтамасыз ету бағытында бейнебақылау камералары оптикалық байланыс желісіне қосылады.

– Жаңа жоба бейне түсірілім ағынын таратудың бірыңғай жүйесін қамтамасыз етеді. Қазіргі инфрақұрылым жаңа жеке серіктестің басқаруына беріледі, бұл қазіргі жүйенің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Жобада 22 мың жалпы бейнебақылау камерасы, қиылыстарда 732 аппараттық-бағдарламалық кешен, желілік учаскелерде 470 аппараттық-бағдарламалық кешен, сонымен қатар бейне талдаудың 35 түрі қарастырылған. Жоба аясында деректерді өңдеу орталығы ұйымдастырылып, кез келген оқыс оқиғаға жедел әрекет ету үшін жедел коммуналдық



қызметтерді біріктіретін бірыңғай ситуациялық орталық қамтамасыз етіледі, – деді басқарма басшысы.

Оның сөзіне қарағанда, жоба 2030 жылға дейін жоспарланған. Бірыңғай ситуациялық орталық құрудың арқасында адамдар көп жиналатын орындарды 100% бейнебақылаумен қамтамасыз ету арқылы қауіп-қатерлерге жылдам әрекет ету мүмкіндігі болады. Ал жасанды интеллектіні қолдану жол қозғалысын бақылауды оңтайландыруға және жол қауіпсіздігін арттыруға, қалалық қызметтердің жұмысын жақсартуға ықпал етеді.

– Жеке серіктестің инвестициясы – 53 млрд теңге. Жоба толығымен жеке серіктестің өз қаражаты есебінен қаржыландырылады. Бұл ретте қазақстандық компаниялардың қатысуы жұмыс көлемінің 60 пайызын қамтиды, – деді Дидар Сүлейменов.

СПОРТ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ҚАЛАЙ ДАМУДА?

Бұқаралық спортты дамыту – ұлт денсаулығының кепілі. Өскелең ұрпақты өр мінезді, рухы биік, дені сау етіп тәрбиелеуде спорттың берері көп. Саланы дамытуда алдымен спорт саласындағы материалдық-техникалық базаны нығайтуға басымдық беріледі. Бүгінде Астанада 819-дан астам спорт ғимараты болса, соның бірқатарын қайта құру және жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.



Райхан РАХМЕТОВА

Солардың бірі «Қазақстан» спорт сарайы 2019 жылдың көктемінде күрделі жөндеу жұмыстарына жабылған. Өзі негізі 2001 жылы «Шеврон», «Мобил», «Филип Моррис» және тағы басқа компаниялар бөлген қаражатқа салынған. Жалпы ауданы – 22000 м², 4 қабатты ғимарат ішінде 8 жолға арналған 50 метрлік бассейн, 5000 көрермен сыятын хоккей мұз алаңы және басқа да жаттығу залдары болды. Күрделі жөндеу кезінде сарайды «ақылды» технологияларды қолдана отырып жаңғырту жобасы жасалды. 2021 жылы ғимарат словакиялық ColosseoEAS компаниясына жөндеуге беріледі. Бірақ тиісті жұмыстар жүргізілмей, нысанды басқа инвесторға беру туралы шешім қабылданды. Бұл нысан Алматы ауданының тартымды орны саналады. Жоба халықтың дене шынықтыру мен спортқа көбірек тартуға септігін тигізіп, сарайдың өзі

халықтың демалатын, мәдени және спорттық іс-шаралар өткізетін орнына айналмақ. Елордада спорт инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру үшін Астана қаласының дене тәрбиесі және бұқаралық спорт саласын дамыту бойынша 2024-2029 жылдарға арналған кешенді жоспары әзірленді. Соның негізінде қала халқының спортпен шұғылдануына қолайлы жағдай жасалуда. «Қазақстан» спорт кешенін жаңғырту және қайта құру жұмыстары – сол бағыттағы шаруалардың бірі. Бұл жұмыс биыл да жалғасып, сарай келесі

жылы пайдалануға беріледі. Астана халқының спорт инфрақұрылымымен орташа қамтамасыз етілуі 1000 адамға шаққанда 37,1 пайызды құрайды. Былтыр қалада 180 спорт және тренажер алаңдары салынды. Дегенмен әлі де шешімін күткен мәселелер жеткілікті. – Астанада спорттың даму қарқыны жаман емес, алайда инфрақұрылым жағы, ғимараттар жетіспеушілігі жайы өзекті. Әсіресе көркем гимнастика саласы ақсап тұр, гимнастикамен айналысатын арнайы залдар жоқ. Сондай-ақ бассейндер де жетіспейді. Суға



жүзуді үйрететін секциялар инфрақұрылымның жетіспеушілігінен жұмысын дұрыс жүргізе алмай отыр. Қалада әр тұрғын үй аумағында спорт алаңдарын әлде де көбейту керек. Балалар өз ауласында тұрақты, жүйелі түрде спортпен айналыса алуы қажет. Өзім көбіне еліміздің ауылдарын спорт жабдықтарымен қамтамасыз ету бойынша ешкімнің қолдаусыз қайырымдылық істермен айналысамын. Бүгінге дейін 130 ауылды солай қамтамасыз еттім. 60 мыңнан астам балаға спортқа керек-жарағын алып бердім, – дейді күштік спорт бойынша әлемнің 4 дүркін рекордсмені, Қазақстанның 6 дүркін рекордсмені, Гиннесс кітабына енген рекордсмен, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ресми амбассадоры Сергей Цырульников.

Халықты бұқаралық спортпен қамту жылдан-жылға артуда. Астанада спорт және дене шынықтыру-сауықтыру бағытында 992 ұжым жұмыс істейді, оған тұрақты түрде 601200 адам қатысады. Күн сайын түрлі қалалық, республикалық және халықаралық спорт додалары өтіп, шын жүйріктер анықталып жатады. Астаналық талай мықты спортшылар да өзге елдерге барып, топтан озып, өз қабілетін ғана емес, өз елін де әлемге танытуда. Спорт сардарлары елдің қоржынына жүлде салатын жастарды тәрбиелеп, ұстаздық қызметімен елорданың спорт саласын дамытуға үлес қосуда. Сондай шәкірттер тәрбиелейтін 10 спорт мектебі болса, сабақ беретін 9236 адам бар.



БЫЛТЫР АСТАНАДА СПОРТПЕН ТҰРАҚТЫ ШҰҒЫЛДАНАТЫНДАРДЫҢ ҚАТАРЫ 48508 ТҰРҒЫНДЫ НЕМЕСЕ 39,1 ПАЙЫЗДЫ ҚҰРАДЫ. 616152 АДАМДЫ ҚАМТИТЫН 778 СПОРТТЫҚ-БҰҚАРАЛЫҚ ІС-ШАРА ӨТТІ, ОҒАН 56000-нан АСТАМ АДАМ ҚАТЫСТЫ

– Спорт түрлерінің ішінде дәстүрлі садақ ату қарқынды дамып келеді. Астана қаласы осы жағынан республикаға үлгі. Ең көп спортшылар және жүлдегерлердің көбі елордадан шығып отыр. Қазіргі таңда қалада 3 садақ ату үйірмесі бар. Олар Есіл, Алматы, Сарыарқа аудандарында орналасқан. Бұл үйірмелерге ересектер қатысса, жасөспірімдер Садақ ату федерациясының қолдауымен қаладағы 3 мектепте ашылған үйірмелерге барады. Алдағы мақсат – садақ атуды қолжетімді ету. Жақында біз Астана садақ ату федерациясы филиалымен бірге «Бала мерген» деген жобаны дайындап, 3-10 жас аралығындағы балаларға арналған қауіпсіз садақтар шығардық. Сол садақты балабақшалар мен бастауыш

сыныптар бағдарламасына енгізіп жатырмыз. Мақсатымыз – әр балабақша мен мектептегі төменгі сыныптағы балалар осы «Бала мерген» садағын үзілісте пайдаланып, ойнаса деген ой. Бұл садақтар қауіпсіз, садақ оқтары резеңкеден жасалған, үшкір емес, – дейді Астана спортты дамыту дирекциясының дәстүрлі садақ ату бойынша аға жаттықтырушысы Диас Ахметов.

Былтыр Астанада спортпен тұрақты шұғылданатындардың қатары 48508 тұрғынды немесе 39,1 пайызды құрады. 616152 адамды қамтитын 778 спорттық-бұқаралық іс-шара өтті, барлығы 34 жеңіл атлетикалық жарыс, марафон және 10 веложарыс өтті, оған 56000-нан астам адам қатысты.

АРДАГЕРЛЕР МІНДЕТТЕРІН АЙҚЫНДАДЫ

Астана қаласы Алматы ауданы ардагерлер кеңесінің V пленумы өтті. Жиынға Астана қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов, Алматы ауданының әкімі Рүстем Тәуекелов, Аманат партиясы Алматы ауданы филиалының төрағасы Азамат Айтқожин және Астана қаласы мәслихатының депутаттары мен аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелері қатысты.

Шапағат ӘБДІР

Пленумда Алматы ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин аудандық ардагерлер кеңесінің 2024 жылы атқарған жұмысы мен 2025 жылға арналған міндеттері туралы баяндама жасады. – Былтыр біздің Алматы ауданында зейнеткерлердің саны 36 мыңға жетті. Ауданымызда соғыс және тыл ардагерлерінің материалдық-тұрмыстық мәселелері басты назарға алынып, оларға үлкен мереке күндері қала және аудан басшылары тарапынан әрдайым қолжетімді көмек көрсетіліп тұрады. Олар көбінде тегін тіс салдыру, санаторлық-курорттық емделу, концерттерге тегін қатысу және азық-түлік сөмкелерімен қамтылды. Сон-



дай-ақ олар Астанамыздың қоғамдық өміріне де белсене қатысты. Елордадағы көктемгі ауқымды экологиялық айлық кезінде Алматы ауданы ардагерлер кеңесінің басшылығымен барлық бастауыш ұйым белсенділік танытты. Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай Тәуелсіздік алаңының жанындағы «Қазақ елі» монументінің жанында «Менің Қазақстаным» атты 500 адам қатысқан зор көлемде флешмоб өткіздік. Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында «Елорда» халықтық хорының есептік концертін бердік. Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай «Интернациональный» тұрғын үй алабындағы №44 орта мектепте мереке ұйымдастырдық. Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінде С.Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына орай фильм-концерт өткіздік. Бұған қоса, Махмет Қайырбаевтың 100 жылдығына арналған «Ерлік жолы» атты

іс-шара өткіздік. Ал Алматы ауданы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында ардагерлерге мәдени-шынықтыру және мағлұмат беру бағытында қызмет көрсетудің 13 түрі бар. Осы қызметтер арқылы өткен жылы 1139 зейнеткерлер қамтылды. Айта берсек, жыл бойы атқарылған жұмыстар өте көп, – деген Марат Кәрімұлының баяндамасынан кейін талқылау басталып, басқа да қатысушыларға сөз берілді.

Алматы ауданының әкімі Рүстем Тәуекелов ардагерлер кеңесінің өз жұмысын жүйелі, жоспарлы түрде атқарып келе жатқанын атап өтті. Осылайша күн тәртібінде ардагерлердің бастауыш ұйымдардың жаңа төрағалығын жаңа құрылған Сарайшық ауданына тапсыру және оларды Алматы аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелігінен шығару сияқты мәселелер қаралып, ардагерлер кеңесінің 2024 жылы атқарған жұмыстарының қорытындысы шығарылып, 2025 жылғы міндеттері бекітілді.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

КӨЗІ ҮЙРЕНСЕ,
БОЙЫ ДА ҮЙРЕНЕДІ

Қытай тіліндегі маңдайшалардың көбеюі бірнеше факторға байланысты екенін ескерген жөн. Соңғы жылдары Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық қарым-қатынастың артуына байланысты қытайлық кәсіпкерлер мен инвесторлар елімізге көптеп келе бастады. Олар өз бизнесін жергілікті халыққа насихаттап, кеңінен таныстыру үшін өз тіліндегі маңдайшаларды пайдаланып жатыр. Әрине, олар маңдайшаға қатысты талапты білмей отырған жоқ, қай елге барсаң да, маңдайшалардың сол елдің Тіл туралы заң талаптарын сақтай отырып жазылуы керек екенін жақсы біледі. Өйткені қытайлық кәсіпкерлердің санасына Қытайдың дәл сондай қатаң заң-талабы әбден сіңіп кеткен. Ендеше олар неге Қазақстанға келіп, «жүрісінен» жаңылды? Оған да өзіміз кінәліміз. Өйткені Тіл туралы заңның талаптары жиі бұзылатын және құзырлы орындар сол талаптарды сақтап қатаң қадағаланбайтын елде шетелден келген келімсектер тілімізді көзге ілмейді де, қалаған тілімен, қалаған жазуымен жаза береді. Әйтпесе көшелердегі шетел атауларынан ат үркетін деңгейге жеткенімізді, орысша жазғаны аздай, енді басқа тілдегі маңдайшалықтар көбейіп, тілдік нормалар сақталмай жатқанын тілшілер қауымы тандайы тозғанша айтып келеді. Бірақ соны ескеріп, екінші рет болғызбайтындай қайырлы қадамға қазірше ешбір құзырлы орган бара қойған жоқ. Оның үстіне, қытайлардың өз кәсіптік нысанының маңдайшалықтарын қытайша жазып, жапсырмасына қытайша жазылған тауарларын Қазақстанға әкеліп, аудармасыз, қазақ тіліндегі түсіндірмесіз сатып отыруының астарында «көзі үйрене берсін», «осылай істесек қайтер екен?» деген пиғыл жатыр. Мәселен, біз осыдан бұрын балалардың денсаулығына аса қауіпті Қытайдан келген қоқыс тағамдардың Қазақстанда емін-еркін сатылып жатқанын және оның Тіл туралы заңның нормаларын өрескел бұзғанын, жапсырмаларында қазақ, орыс тілдерінде түсіндірмелер жазылмағанын айтып дабыл қақтық. Біздің бұл үніміз Парламентке дейін жетіп, депутаттар үн қосқаннан кейін Бектенов басқарған Үкімет мәселені шешеміз деп уәде берген. Содан бері 2 жыл өтті, қоқыс тағамдар әлі сатылып жатыр. Керісінше, тіпті көбейіп кетті. Қытай тілінің Қазақстан «нарығына» жайлап еніп келе жатуының тағы бір себебі еліміздегі кейбір жергілікті кәсіпкерлер қытайлық туристер мен бизнес өкілдерін тарту мақсатында осындай қадамға барып жатыр. Қытайлықтар Қазақстанның кейбір аймақтарына сауда-саттық үшін жиі келетінін ескерсек, бұл маркетинг қадамы болуы да мүмкін. Алматы әуежайындағы электронды жүгіртпе тақталарда өткен жылдың



Соңғы жылдары Қазақстан қалаларында қытай тілінде жазылған дүкен атаулары мен жарнамалық маңдайшалар көбейді. Бас қала – Астананың өзінде маңдайшалар қытай, орыс тілдерінде жазылған асхана, дәмхана аз емес. Ас мәзірін де қытайша немесе орысша жазып, қабырғасына сол ұлттардың мәдениетін насихаттайтын сан түрлі жарнаманы самсатып іліп тастаған ол асханаларға кірсең, Қазақстанда емес, Қытайда, Ресейде жүргендей күй кешесің. Бұл құбылыс қоғамда әртүрлі пікір туғызып, кейбір азаматтардың наразылығын қозғауда. Әсіресе әлеуметтік желілерде бұл тақырып қызу талқыланып, «мемлекеттік тілдің мәртебесін мемлекет қорғамай ма?» деп Тіл басқармаларына шүйлігіп жатыр.

МАҢДАЙША МЕН МӘЗІРІМІЗ ҚАШАН ТҮЗЕЛЕДІ?

соңынан бастап қытай тілінде жазулардың пайда болғаны – соның дәлелі.

ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢ НЕ ДЕЙДІ?

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңына сәйкес, барлық жарнама мен маңдайша, ең алдымен, мемлекеттік тілде жазылуы тиіс. Егер қосымша басқа тілдер қолданылса, олар қазақ тіліндегі мәтіннен кейін және көлемі бойынша одан кіші болуы шарт. Ал Қытай тауарларын сататын дүкендер мен асханаларда қытайша жазулар бірінші орында тұр немесе қазақ тілі мүлдем жоқ. Бұл – Тіл туралы заңды өрескел бұзу ғана емес, мемлекетті сыйламаудың да көрінісі. Ең алдымен, бұл – Қазақстан Республикасының Конституциясын белден басу. Аталған заңның 7-бабындағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деген норманы елемей.

«Тіл туралы» заңның 21-бабында «меншік нысанына қарамастан, ұйымдардың мөрлерінің, мөртабандарының мәтіні мемлекеттік тілде және орыс тілінде жазылады. Мемлекеттік ұйымдардың бланкілері мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де жазылады. Мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшалары мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де орналастырылады» деп анық жазылса, осы заңның 21-бабында: «егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, хабарландырулар, жарнамалар, прейскуранттар, баға көрсеткіштері, ас мәзірлері, нұсқағыштар және басқа

да көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де орналастырылады. Шетелде өндірілген тауарлардың арнайы мәліметтер көрсетілген тауарлық жапсырмалары (этикеткалары), таңбаламалары, нұсқаулықтары импорттаушы ұйымдардың қаражаты есебінен мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі аудармасымен қамтамасыз етіледі» деп белгіленген. Сондай-ақ осы заңның 24-бабында: «деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бойынша талаптарды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілік арқаулауға әкеліп соғады» делінген. Ендеше осы заңдарымыз қайда қалды? Оны бақылап отыраған мемлекет өз мемлекеттік тілінің мемлекеттік тіл болғанынан не қайыр?!

ҚОЗДАҒАН ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР

Қытай тіліндегі маңдайшаларға қатысты көзқарастарға келсек, жұрттың біразы мұны Қазақстанның тіл кеңістігіндегі қауіп деп бағалайды. Егер бір мемлекет өз мемлекеттік тілінің мәртебесін қорғамаса немесе оны дамытуға жеткілікті деңгейде көңіл бөлмесе, мемлекеттік тілдің қолданысы аясы барған сайын тарылып, өзге тілдердің көлеңкесінде қалып, біртіндеп қолданыстан шығады. Бұл – жаһандану жағдайында басқа үстем тілдердің (ағылшын, орыс, қытай және т. б.) ықпалы күшті елдерде байқалып отырған жағдай. Оның үстіне, тіл – ұлттың басты белгісі. Егер мемлекет-

тік тіл әлсіресе, ұлттың рухани тұтастығы да шайқалады. Азаматтар арасындағы ортақ құндылықтар мен ұлттық сана әлсіреп, қоғам ішіндегі мәдени ажырау күшейеді. Сосын да мемлекеттік тілдің мәртебесін қорғауды талап еткен азаматтар түрлі мекемелерге, оның ішінде жергілікті әкімдіктер мен Тіл комитетіне шағымдар түсіруде. Бұл мәселені мемлекеттік деңгейде көтеріп, нақты іс-шаралар қабылдауды сұрауда. Олардың ойынша, мұндай тенденцияның жалғаса беруі мемлекеттік тілдің қолданылу аясын тарылтып, ұлттық бірегейлікке кері әсерін тигізеді. Екінші тұрғыдан алғанда, мемлекеттік тілді дамытпау белгілі бір топтардың мемлекеттік тілден алшақтауына әкеледі. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызметке орналасу, құқықтық құжаттарды түсіну, ресми ақпаратқа қолжетімділік секілді мәселелерде теңсіздікті тудырады.

КЕРІСПЕН ЕМЕС, ӘДІСПЕН ШЕШЕЙІК

Тіл мәселесі – кез келген ел үшін сезімтал тақырып. Егер билік мемлекеттік тілге көңіл бөлмесе, бұл халықтың наразылығына себеп болуы мүмкін. Кейбір этникалық немесе лингвистикалық топтар арасындағы келіспеушіліктер артып, саяси тұрақсыздыққа әкелуі де ықтимал. Егер мемлекеттік тіл тиісті деңгейде қолданылмаса, ғылым мен білімнің дамуы шетелдік тілдердің ықпалына ұшырайды. Бұл жағдай ұлттық білім беру жүйесінің шетел тіліне тәуелділігін арттырып, елдің интеллектуалдық әлеуетін әлсіретеді. Сосын да ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ тілі ғылым тіліне айна-



30 жылдан бері елорда мен ірі қалаларымызда көпшілік тамақтандыру орындарында ас мәзірін міндеттеп қазақ тіліне аударалмай – тіл саясатының, ұлттық сана мен мәдени ықпалдың үлкен проблемасының айқын көрінісі

луы керек» деп үндеу тастаған жоқ па?!

Мемлекеттік тіл – елдің болашағы, рухани тұтастығы мен дербестігін қамтамасыз ететін маңызды фактор. Егер мемлекет оны қорғамаса, қоғамдағы ұлттық бірегейлік әлсіреп, тілдің жоғалу қаупі артады. Бұл үрдіс бірнеше ұрпақтан кейін ұлттық тілдің толықтай жойылуына әкеліп, елдің мәдени, саяси, әлеуметтік және экономикалық тұрақтылығына теріс әсер етеді. Сондықтан бұл мәселеде мемлекет тарапынан нақты бақылау мен заң талаптарын күшейту қажет. Жергілікті әкімдіктер, Тіл комитеті және басқа да тиісті органдар заң бұзушылықтарды анықтап, тиісті шара қолдануы тиіс. Сонымен қатар кәсіпкерлерге мемлекеттік тілді құрметтеу, оны жарнамалар мен маңдайшаларда дұрыс қолдану қажеттігін түсіндіру керек.

АУДАРМАҢ ДА АҚСАП ТҰР

Өткенде әлеуметтік желіде тараған бір бейнежазбада тіл жанашырларының «неге қазақ тіліндегі аудармасы жоқ?» деген сұрауына асхана қожанының «ас мәзірін қазақша жазайық десек, қазақ тіліндегі аудармасы жоқ екен» деп жауап бергені үлкен бір шындықты аңғартып тұр.

Белгілі бір зат атауының бір ұлт тілінде болмауы – оның сол ұлттың тұрмысымен қатысы жоғының, яғни өндіріс-тұрмыста қолданылмағанының дәлелі. Өкінішке қарай, біз қазір көженің атын да көршіден көшіріп отырған ел-

міз. Қаншама атауды орысша алып жүрміз. Мәселен, қазір Қазақстанның көп асханасында «мәнпәр» деген тамақ бар. Ішіп көрсеңіз білесіз, ол – қазақтың кәдімгі жұлма көжесі. Бірақ сол атауды алмай, қытайдың «面片» деген сөзін тіке аударып алған қазақтарға не айтуға болады? Ол аздай, қазақшасын қайырып қойып, палауды – плов, ботқаны – каша, күрішті – рис, ірімшікті – сыр, тоқашты – лепёшка, сорпа мен сұйық тағамды суп деп соғып жүрген қазақтар енді қытай тағамын да өз атауымен атай бастады. Тек мәнпәр ғана емес, қытайдың дапанджи, гуйру лағман деген сияқты атаулары алдымен «қытай кафелеріне» келіп, одан кейін бүкіл қазақ тіліне қарай дендеп кіріп бара жатқаны байқалады. Бұл тағам аттары бізге таңсық көрінгенмен, баспа-бас аударсаң, дапанджи – табақтағы жуан тауық еті, гуйру лағман – қуырылған ет қосылған лағман деген сөз. Бірақ оған назар аударып, «мынаның қазақшасы қалай?» деп ешкім сұрап жатпаған соң, біреу өресі жетпей солай жазса, енді біреулер әдейі жазып жатыр. Бұл былай қарағанда жай іс сияктанғанмен, түбін қуғанда, қазақ тілін қорғап, қолдайтын, атау-терминін қадағалап отыратын құзырлы орындардың жоғын, болса да қазақ тіліне құлықсыздығын және қазақ тіліндегі терминология қорының толық қалыптаспағанын немесе жүйеленбегенін көрсетеді. Екінші тұрғыдан алғанда, ас мәзірінің қазақша баламасының жоғы – қазақ тілінде қызмет көрсетуге деген немқұрайдылықтың белгісі. Көп жағдайда бизнес өкілдері, мейрамхана иелері және қызмет көрсету саласы қазақша мәзірді қажет деп санамауы мүмкін. Бұл – қазақ тілді тұтынушылардың құқығын шектеу және мемлекеттік тілдің маңызын төмендету.

Тек қытай тіліндегі тағамдар ғана емес, көптеген жаңа ұғымдар қазақ тіліне аударылмай, орыс тілінде немесе басқа тілдерде қабылданып жатыр (мысалы, меню, бургер, паста, латте, т. б.). Мұндай жағдай қазақ тілінің шет тілдердің ықпалында қалып, өзіндік ерекшелігін жоғалтуына әкелетінін ерте бастан ескеруіміз керек. Сондықтан мемлекеттік терминология комиссиясы немесе басқа да лингвистикалық мекемелер жаңа терминдерді бекітіп, оларды кеңінен насихаттауы қажет. 30 жылдан бері елорда мен ірі қалаларымызда көпшілік тамақтандыру орындарында ас мәзірін міндеттеп қазақ тіліне аударалмай – тіл саясатының, ұлттық сана мен мәдени ықпалдың үлкен проблемасының айқын көрінісі. Бұл мәселені шешу үшін тілге деген сұранысты арттырып, оны күнделікті қолданыста белсенді түрде дамыту қажет. Әйтпесе қазақ тілі тұрмыс деңгейінен аса алмай, тек шектеулі аяда ғана қолданылатын тілге айналуы мүмкін. Тіл тек ғалымдар мен лингвистер қалыптастыратын дүние емес, ол күнделікті өмірде қолдану арқылы дамиды. Қазақша мәзір жасауға сұранысты арттыру үшін тұтынушылар өз құқығын талап етуі тиіс. Бірақ ол айқаймен емес, еппен, заң тұрғысынан түсіндіру арқылы шешілетінін әрбір қазақ азаматы естен шығармағаны дұрыс.

P.S: Орыс, қытай, ағылшын тілдеріндегі маңдайшалардың көбеюі, ас мәзірлерінің, тауар жапсырмаларының қазақ тіліне аударылмауы – еліміздің тіл саясаты үшін маңызды мәселе. Сондықтан бұл бағытта нақты жаңдық реттеулер мен қоғамдық бақылау айрықша қажет. Өйткені тіл – ұлттың ең басты құндылығы. Оны қорғау – әрбір азаматтың міндеті, мемлекеттің ең үлкен борышы.



Елорданың «Көктал-1» тұрғын алабындағы Аққорған көшесі, 2 мекенжайында орналасқан, аумағы 4,5254 га, жалпы тұрғын ауданы 26136,6 ш. м. жерді алып жатқан, инфрақұрылымы дамыған кішігірім қалашықтың қызметі қандай болғанда да бюджеттің, салық төлеушілердің есебінен екенін еске салудың өзі артық болар. Мемлекеттің қамқорлығындағы қарттар үйінің бүгінгі «тұрғындарының» сипаты әртүрлі. Шын мүсәпірлерден бөлек, қуаты барында кәрілігін ойламаған, жақынына жұғымы жоқ, қартайғанда ешкімге керегі жоқ жандар Үкіметтің қайырымынан үмітті және олар жыл сайын көбейе беретіні анық. Бұл әділетті ме?! Қазіргі күнде ертеңін ойламағандар, кәрілік келіп жеткенде қайда қаларын қамдамағандар, жас күнінде қарақан қу басын ойлап, кісіге қараспағандардың ендігі жерде баратын жері қарттар үйі ме деген ой келеді. Егер солай болса, кәрі қойдың жасындай өмірі қалса да, қарттардың қамсыз тіршілігі салық төлеушілердің қалтасына неге салмақ болуы тиіс? Мемлекетке неге үміт артуы керек? Әрине, бұл – ащы да болса көбіміздің көкейімізде жүрген сауал. Адам баласы алдында не тұрғанын қайдан біледі дейміз. Бір сәтте мына әлемде жалғыз қалған адамның мүшкіл жайын осы қарттар үйінен естіп-білдік. Дегенмен бұл жалпыға ортақ жайт емес, сол себепті қарттар үйінің тұжырымын қайта қарау керек сияқты.

Адам ғұмыры ұзарып, ғаламда егде тартқандардың саны артып келе жатқан заманда мұндай үйлердің қажеттігі де артады. Әлемдегі жағдайды саралап келгенде, дамыған елдерде мұндай орталықтар көптеп саналады екен. Мысалы, Францияда 7-8 мыңдай, АҚШ-та 20 мың, Ресейде 1,5 мыңнан астам қарттар үйі жұмыс істейді. Ал 65-тен асқан қарттары 25 пайызды құрайтын Жапонияда жағдай барынша күрделі. Олар осындай үйлерде тұру үшін арнайы кезегін жылдап күтеді екен. Салыстырмалы түрде айтсақ, 2022 жылдың аяғында Қазақстанда арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін 281 ұйым, оның ішінде 172 ұйым стационарлық, 75-і жартылай стационарлық, 31-і уақытша, сондай-ақ бірнеше шарты бар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін 3 мекеме болған. Оның 245-і мемлекет иелігінде, 36-сы жеке қолда болса, 4 ұйым – шетелдіктердің қарамағында.

Еуропада қалжыраған кезде қарттар үйіне барып тұру – қалыпты нәрсе. Әсіресе Голландияда, мұндағы қарттар үйі біздің ұғымдағы орталықтарға ұқсамайды. Көбіне үлкен қалалардың қақ ортасында, кемінде «үш жүздізды» қонақ үйлерге келіңкірейді. Қажетіне қарай медициналық, әлеуметтік және басқа да қызметтер алдын ала тапсырыс бере алады. Қажет болса, өзі тұрған бөлмені сатып алуына не жалдауына болады. Ақшаң жетсе болғаны. Францияда қарт адамдарға күтім арнайы пансионаттарда іске асырылады. Мемлекет тарапынан бөлінген қаржыға қоса туыстарының да үлесі болуы шарт. Бұл елдерде де америкалықтардай қарттарын асырап-бақпағаны үшін ұл-қыздарын кінәламайды, өзіншілдікпен өткізген жылдарын да есіне салмайды. Олар үшін өмірінің соңғы кезеңін осындай үйлерде өткізуі – қалыпты нәрсе. Жасы мен денсаулығына қарай әртүрлі қызмет қарастырылған. Жетпіске



1989 жылдан бастап жұмыс істейтін Астана қаласы әкімдігінің «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында зейнет жасындағы, I және II топтағы мүгедектер, кісінің көмегі мен күтіміне қарап қалған жалғызбасты адамдар тұрады. Бір кездері қарттар үйі дегенде көбіне жалғызілікті, медициналық күтімді қажет ететін соғыс ардагерлеріне арналған қамқорлық қызметінің бірі ретінде қабылдаушы едік, кейіннен қатыгез бала-шағасының кәртамыс анасы мен әкесін апарып тастайтын орын ретінде де қарап, оған да бойымыз үйрене бастады. Бұл да өмір, тағдыр дегендей түсінуге тырыстық.

ЖАҚЫНЫНА ЖҰҒЫМЫ БОЛМАСА...

жақындағандарды арнайы қауымдастықтарға бөліп қарастырады. Бұл үшін олардың жайлы өмір сүруіне мүмкіндік беретін арнайы аз қабатты ғимараттардан тұратын тұтас шағын аудандар салынған. Егде жастағы адамдардың бір қауымдастықта шоғырлануының астарында олардың қатарластарымен бірге, бәріне ортақ біртекті өмір сүруін қарастырғандықтан болар. Америкалық фильмдерде жиі көретініміздей, тым кәрілері пансионаттарда тұрады. Әрқайсысы соңғы медициналық құрылғылармен жабдықталған, көмек қажет болса, шұғыл шақыру түймесі болады. Күндіз-түні медбикелер қызмет етеді. Мұндай пансионаттар – үкіметтің бақылауында.

Кәрілік дендеген, өздігінен ас ішіп, дәретін өзі ала алмайтын америкалықтар да қарусыз қалмайды, оларды қарт адамдарға арналған ауруханада ұстайды. Біздегідей бір палатада бірнеше адам тұрады, деменция және Альцгеймер ауруы барларға да осы құрылымның бір бөлігі ретінде қызмет көрсетіледі.

Израильде зейнеткерлер мен аз қамтылған азаматтарға арналған әлеуметтік баспана қарастырылған. Мұның бір ерекшелігі – егде адамдар өз қажеттіліктерін өздері жасайды. Тамақты өздері дайындайды, отырған жерлерін өздері тазалап, кірлерін де өздері жуады. Бұдан бөлек, «Бейт Авот» деп аталатын, егде жастағы адамдарға медициналық және патронаждық қызмет көрсететін, нағыз классикалық мағынадағы қарттар үйі бар. Бұл елде де қарттарды әртүрлі санатқа бөліп қарайды. Жағдайы барларға бөлек қызмет, орташа тұрмысты қарттар да шамасына қарай қызмет түрін алады, Альцгеймер және деменциядан зардап шегетін науқастар өз алдына, мүгедектер

тер арбасына таңылғандарға, сондай-ақ ауыр науқастарға, төсекке таңылған науқастарға көрсетілетін арнайы орын мен қызмет түрлері бар.

Статистика бойынша ең бақытты қарттар Австрия, Швеция, Люксембург, Швейцария және Норвегияда тұрады екен. Бұл елдердегі жасы келісімен қарттар үйіне түсу мүмкіндігінен қорықпайды. Керісінше, көптеген жалғызбасты адамдар сапалы тамақпен, дұрыс күтіммен және құрдастарымен қарым-қатынаспен қамтамасыз етілетінін білетіндіктен, ол жаққа баруға ықтиярлы келеді.

Германияда қарттарға арналған жайдың үш негізгі түрі бар. Мұнда да өз үй шаруашылығын жүргізеді, көбінесе денсаулығына қарай тек шектеулі күтім көмегін алады. Үй-жайларды жинау, тамақтандыру және үй шаруашылығын жүргізуде бөтен адамның көмегін қажет ететіндер бөлек жайда өмір сүреді. Дәрменсіз қарияларға стационарлық көмек көрсетілетін жай тағы бар. Соңғысы жиі кездеседі, кең тараған. Яғни неміс қарттары белі бүкірейіп, әбден қалжырағанша қарттар үйін қажет ете бермейді. Мұндағылар тегін тұрмайды. Зейнеткерлер қарттар үйінде тұру ақысын ішінара өздері төлейді, кейде бұл шығындарды сақтандыру қорынан өтеледі. 1995 жылдан бастап Германияда ұзақ мерзімді күтімді сақтандыру жүйесі жұмыс істейді. Жұмыс істейтін халық өз табысының белгілі бір пайызын сақтандырудың осы міндетті түріне аударады. Бұл да озық тәжірибелердің бірі. Орташа есеппен алғанда, мұндай үйлерде тұру арзан емес. Ережеге сай, зейнеткерлер мұндай мекемелерді жөндеу және ұстау шығынын өз жинақтарынан жабуы керек. Ата-анасының зейнетақысы мен жинақтары қарттар үйінде тұру



Салыстырмалы түрде айтсақ, 2022 жылдың аяғында Қазақстанда арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін 281 ұйым, оның ішінде 172 ұйым стационарлық, 75-і жартылай стационарлық, 31-і уақытша, сондай-ақ бірнеше шарты бар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін 3 мекеме болған. Оның 245-і мемлекет иелігінде, 36-сы жеке қолда болса, 4 ұйым – шетелдіктердің қарамағында

шығынын өтемесе, балалары материалдық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Әңгіме кәрілікті сақтандырудан шығады. Алғашқы қарттар үйі Америка Құрама Штаттарында 1965 жылы құрылған екен. Содан АҚШ үкіметі 65 жастан асқан америкалықтар үшін ұлттық сақтандыру бағдарламасын жасайды. Дәл осы фактор кейінгі жылдары алғашқы мамандандырылған қарттар үйінің құрылуына түрткі болған. Тарихқа сүйенсек, қазіргі қарттар үйінің сипатына ұқсайтын, міскіндерге арналған жайлар өткен ғасырдың 30-жылдарынан бастап ашылған, үлкен шіркеулерде де осындай жандарға пана болған. Алайда 80-жылдардан бастап бүкіл әлемді қарттардың қамсыз тіршілігі ойландыра бастады. Біздің елімізде де басталып келе жатқан қайғысыз қарттыққа қатысты ұстанымды анықтап, оны қаржыландыру көзін реттемесе, бүгінгі тірлік барлық сұранысты қанағаттандыра алмасы анық.

«У» САТҚАНДАРДЫҢ ЖАЗАСЫ НЕГЕ ЖЕҢІЛ?

«У»-ға у қосып беріп қазақстандықтарды қынадай қырып жатқан қылмысты құрықтауға қауқарсыздар мен оның сыбайластары туралы жақ шалпаймыз. Тажалдың атауы суррогатты алкоголь, ел арасында самопал деп жатады. Алысқа бармай-ақ, аттап бассаң табылады, аймақ емес, Астанадағы сөрелердің өзінде самсап тұр. Ішімдікті ішкендердің өзі кінәлі деп қолды бір сілтеуге болар еді, бірақ жертөледе жасалған, тұтынғанды табытқа тастайтын «у»-дан отандастарымызды құтқару үшін әрекет қылмау – жауапсыздық.

Біз мұнда алкогольдің акцизін көтеріп, ішімдікті қол жетпестей қымбат қыламыз деп жүресіп жүргенде, заңсыз жасалған алкоголь сататындар дүкен біткенді «у»-мен толтырып, содан қисапсыз ақша табуда. Бағасы арзан ол «у»-дың. «Ішін арақ жайлаған адам сүтті де үрлеп ішеді», қолдан жасалған алкогольді бір жұтқан адам оның тұзағына түседі.

Бір қатерін айтайын, қылмыстық жолмен алкоголь дайындағандар техникалық спиртке метанол қосады екен. Салдарынан адамдар соқыр болып қалады, ақылынан алжасады, артынша тәуелді болады. Кейде алкогольден ажырай алмайтындарға техникалық спирт күйінде сатып жіберсе, ол адам тірі қалмайды.

Қазақстанда бұл сұмдық белең алып барады, қаңтарда Шымкентте қолдан жасалған алкоголь дайындаған цех анықталды. 3 жылдан бер ерлі-зайыптылар халықты улап келген. Бүгінге дейін 309 миллион теңге табыс тапқан. Қымбат көлік пен қымбат үйде шалқып жүргендер 3 жылда мыңдаған адамды улап бітті. Тексеру кезінде цехтан 24 мың жалған акциз, 9 мың литр этил спирті табылған. Анығы, қолдан жасалған алкоголь сататындар миллиондарды қалтасына басып шалқып жүр.

Алкогольді қылмыстық жолмен дайындап сату – бұрыннан бар сұмдық, одан 2021 жылы бір ғана Шымкентте 240 адам уланып көз жұмған. 2020 жылы Қостанай мен Ақмола облыстарында алкогольге уланып, 2 күнде 15 адам қайтыс болды. Арада жылдар өтсе де, аталған адам өлтіретін заңсыз бизнестің өскені болмаса, өшкен жоқ.

«Андамаған у ішеді» демекші, желіде заңсыз жасалған алкогольді сатқан дүкенді әшкерелеген «Дала қырандары» жастар қоғамдық бірлестігінің бейнематериалы көзіме түсті. Көргенде жағанды ұстайсың.

Белсенді жастар Астана қаласының өзінен 1 жылда суррогатты, яғни қолдан жасалған алкоголь сатқан 200 дүкенді анықтаған. Олар күніне орта есеппен 30 литр заңсыз алкоголь сатқан, мұныңыз – 60 бөтелке. Бағасын 600 теңге деп қойыпты. Қарапайым математикаға салсақ, 200 дүкен қолдан жасалған алкогольден күніне 7200000 теңге, жылына 2,6 млрд теңге табыс тауып отыр. Салдары сұмдық, 1 дүкен айына 900 литр заңсыз жасалған алкогольді азаматтарымызға сатып улаған. Осы уды аймақ түгілі, Астанада сатқандар жазадан жеңіл құтылады.

Белсенді жастар үлкен мәселені ортаға салды, суррогатты, қолдан жасалған алкогольді тауып полиция шақырса, олар дүкен иесіне Әкімшілік кодекстің 200-бабы бойынша хаттама толтырып, адам улағандар 39 мың теңге айыппұлмен құтылады екен. Ұсыныс: заңсыз жасалған алкоголь сатқандарды Әкімшілік кодекстің 283-бабы бойынша кәсіпкер ретінде жауапқа тарту. Сәйкесінше, оларға 600 мың теңге айыппұл салып, лицензиясын қайтарып алуға болады. Мұның барлығы ұлт саулығы үшін. Аталған заңнамалық ұсыныстар дайын, уәкілетті органдар жұмыс тобында қолдайды деп сенеміз.

Мәдениет және ақпарат министрлігіне ұсыныс, БАҚ пен интернет-ресурстарда қолдан жасалған алкогольдің зардабы мен адамды өлімге әкелетін салдары туралы мәлімет молынан берілуі тиіс. ІІМ аталған «у»-ды анықтау үшін рейдтер санын көбейтіп, оған «Дала қырандары» сынды жастар ұйымдарын тартуы керек. Денсаулық сақтау министрлігі заңсыз жасалған алкогольді тұтынып, уланғандарды ажалдан арашалап қалудың тиімді тетігін қарастыруы қажет.

Нартай СӨРСЕНҒАЛИЕВ,
Мәжіліс депутаты



ҚАЛАМГЕР КЕЛБЕТІ

Астанадағы Сәкен Сейфуллин музейінде жазушы-публицист, аудармашы Марал Хасеннің туғанына 80 жыл толуына арналған «Шеберлік пен кемелдік иесі» атты дөңгелек үстел отырысы өтті. Аталмыш музей мен жазушының жары, мұрасының шырақшысы Рымбала Смайылова ұйымдастырған іс-шарада қаламгер келбеті мен қырлары, қазақ журналистикасы мен әдебиетке, оның ішінде аударма өнеріне сіңірген еңбегі әңгіме өзегіне айналды.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Осы іс-шараны өткізуге үлкен қолдау көрсеткен Сәкен Сейфуллин музейінің директоры, тарих ғылымдарының докторы, міржақыптанушы, сәкентанушы ғалым Марат Әбсеметовтің «Міржақыптың оралуы» және тағы бір кітабына Марал Хасен редактор болды. Қаламгер мен жары Рымбала Кенжебайқызы Алаш қайраткерінің қызы Гүлнәр Дулатованың «Шындық шырағы» атты кітабының жарық көруіне қол ұшын созды. Марат Әбсеметов осы жайлы әңгімелеп, Марал Хасеннің бөлек болмысына, қарапайымдылықтың үлгісі болған келбетіне тоқталды.

Қаламгермен 50 жылдан астам уақыт отасқан Рымбала Смайылова ұстығына да, суығына да төзді. Марал Хасен өмірден озған соң есімі ұмытылмай, ісі ескерусіз қалмасын деп тіпті тыным таппай жүр. Арада өткен 9 жылға жуық уақытта талай іс атқарды. Атап айтқанда, бірнеше естелік кітап шығарып, еске алу кештерінің өтуіне, Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада, Қарағандыдағы Ж.Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында Марал Хасеннің өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін арнайы бұрыштардың, жазушы туған Жаңаарқа ауданындағы О.Жұмабеков атындағы мектепте қаламгер атындағы дәрісхананың ашылуына ұйытқы болды. Тіпті Марал Хасен бастап, аяқтауға үлгермеген Светлана Алексеевичтің «Мырышқа айналған қыршындар» кітабын тәржімалап бітірді. Жарының артына қалдырған мұрасын жинақтап, шашау шығармай, 7 томдық еңбегін шығарды.

Марал Хасен еңбек жолын аудандық «Жаңаарқа» және «Новая степь» газеттерінен бастап, «Жезқазған туы» газетінде жауапты хатшының орынбасары, «Ақадыр таңы» және «Ағадырская новь» басылымдарының ұйымдастырушысы, алғашқы редакторы болды. Жары қаламгердің аталған газеттердегі еңбегі, көрген қиындығы жайында әңгімеледі. Рымбала Смайылова Марал Хасеннің журналистік, аудармашылық еңбегінде шын көмекші де бола білді. Қаламгер ауыр науқасқа шалдығып, үйде отырып қалғанда, компьютерді меңгеріп алып, оның жазған мақалаларын, жасаған аудармаларын компьютерде теріп, газет-журналдарға жіберіп тұрды. Бірнеше кітабын баспаға дайындап берді.

Жалпы Марал Хасен мен Рымбала Смайылова бірін-бірі толықтырған,



жетілдірген шаңырақ еді. «Сынықтан басқасының бәрі жұғады» демекші, Рымбала Кенжебайқызы жұбайының аудармашылық еңбегі арқылы қазір өзі де аудармашыға айналды. 2022 жылдың соңында, «Балалар жылының» аясында, жазушы-драматург Нұрайна Сәтбаеваның балаларға арналған «Әлканың күміс тұмары» әңгімелер жинағын, америкалық жазушы Гарри Грейдің «Бір кездері Америкада» романын, Қарағандыда туып-өскен, қазір Алматыда тұратын Илмаз Даниялұлының «Дастанның Арманы. Басы», Анни Эрноның «Әйел», «Менің асыл жандарым» кітаптарын аударды. Қазір Виктор Гюгоның «Нотр-Дам соборы» романын қазақшаға аударып жатыр.

Рымбала Смайылова қазақ басылымдарымен де шығармашылық байланыста, ұлттық баспасөздің шын жанашыры. Осыдан 2-3 жыл бұрын Қазақстан Журналистер одағының мүшелігіне қабылданды. Өзіміздің «Астана ақшамы» газетінің Қарағанды қаласындағы бірден-бір оқырманы, басылымымызға жыл сайын тұрақты түрде жазылып тұрады.

Марал Хасен Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газеті бас редакторының орынбасары болды. Қаламгер өмірінің сол кезеңі мен аудармашылық еңбегі жайында «Қазақтың сары тентегі» атанған ақын, бард Қуаныш Мақсұтов әңгімелеп, ұсыныстарын айтты.

«Аударма деген – бір мәдениетті екінші бір мәдениетке аудару деген сөз. Аударма – екі елді, екі туысқан, тамырлас елді бір-біріне жақындастыратын ең үлкен рухани қазынаның бірі. Осы іске еселеп еңбек сіңірген, классикалық туындыларды сөтімен қазақ тіліне тәржімалаған қаламгердің қыр-аударма саласының тілдік, стильдік қыр-сырын шебер меңгерген көнігі аудармашы Марал Хасен ағамыз еді. Марал ағаның ерекшелігінің бірі көркем, ғылыми-танымдық дүниелерді

қазақшадан орысшаға, орысшадан қазақшаға іркілмей, жеңіл аудара беретін әмбебап маман еді» деген Қуаныш Мақсұтов қаламгердің аударма еңбектеріне тоқталды. Марал Хасеннің баспасөз арқылы 80-жылдардың аяғы, 90 жылдардағы Қарағанды жастарының тәрбиесіне қосқан үлкен үлесі жайында әңгімеледі.

«Бүгінгіміз үшін екінші, ал келешектің алдында ұят болмас үшін белгілі аудармашы, журналист, редактор, аудармашы Марал Хасен ағамыздың 80 жылдық мерейтойын ұлықтау шараларын туған жері Қарағанды және Ұлытау облыстарында өткізу керек» деген ақын өзінің бардтық туындыларының бірін салып берді.

Марал Хасен өнге құмар, өзі де «әу» деп жіберетін өнерден құралақан емес еді. Әсіресе «Ақылбайдың әнін» салғанды, тыңдағанды ұнататын. Еске алу іс-шарасында жырышы, термеші Сұлупан Сұлтанова жырдан шашу шашты. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Тазагүл Әбдікәрімова, Марал Хасеннің бауыры Аманғазы Жарылғапов, «Адырна» порталының жетекшісі Арман Әубәкір жылы лебізін білдірді. Осы жолдардың авторы да ұсынысын айтты. Марал Хасен проза, ғылыми еңбектермен қатар бірнеше пьесаны аударды. Атап айтқанда, белгілі жазушы-драматург Думан Рамазанның «Көкжал», «Алланың өмірі» шығармалары мен бес әңгімесін, «Кенесары-Күнімжан», «Абылай хан» драмаларын, Сая Қасымбектің «Кім кінәлі?» бастаған бірнеше пьесасын орыс тіліне тәржімалады. Еліміздегі орыс театрларында ұлттық драматургиялық шығармалар тапшы. Аталған туындыларды сол театрларда сахналауға болады деп есептейміз. Бұл сөзіміз орыс театрлары басшылары мен режиссерлердің құлағына алтын сырға болса екен дейміз.

Елордадағы Ozgeeris жаңашыл хабы ғимаратында Алаш арысы, Түркістан автономиясының бірінші премьер-министрі, зерттеуші ғалым, тарихшы, қазақтан шыққан тұңғыш теміржол инженері Мұхамеджан Тынышбайұлының «Қазақ халқының тарихы» атты кітабының қазақша жинағының таныстырылымы өтті. Екі жыл бұрын Алматыдағы AmalBooks баспасы «Таза тарих» сериясымен осы автордың «История казахского народа» атты еңбегін жарыққа шығарған. Екі жинақ та осыдан 100 жыл бұрын, 1925 жылы басылып шыққан «Материалы к истории киргиз-казахского народа» деп аталатын еңбек негіз етіп алынған.

ЖҮЗ ЖЫЛДАН KEЙІН АУДАРЫЛҒАН КІТАП

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Таныстырылым рәсіміне осы кітаптың жарық көруіне бастамашы болған баспагер, AmalBooks баспасының негізін қалаушы Бақытжан Бұқарбай, алаштанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Айгүл Ісмақова, белгілі журналист, жазушы Мақпал Орынбетова, Астана қалалық мәслихатының депутаты, кәсіпкер Мәдина Ажженова, қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуші жас ғалым Ұшқын Сәйдірахманұлы, журналист-жазушы Мирас Мұқаш және мұғалімдер, журналистер, мектеп оқушылары қатысты.

«Алғаш басылып шыққаннан кейін бір ғасырға жуық уақыт өткенде құнды еңбектің қазақша жарық көруі – тарихи оқиға. Бұл жинақ тарихымызды тереңірек тануға жол ашады. Алаш арысының шығармалары қазақ тарихының ұмыт болған деректерін жаңғыртып, оны жаңа тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді» деп жазыпты Б.Бұқарбай алғысөзінде.

Жинақта М.Тынышбайұлының өмірі мен қызметіне шолумен бірге «Қырғыз-қазақ халқының тарихына қатысты материалдар», «XVII және XVIII ғасырлардағы қырғыз-қазақтар», «Инженер Тынышпаев айғақтарының көшірмесі», «Көксудың қираған жұрты және Қойлық қаласы», «Краснореченск қирандылары және Баласағұн қаласы», «Ақтабан шұбырынды» (қазақтың ұлы сіңіреті мен ұлы жеңісі) деген тақырыппен берілген құнды дүниелер бар. Мәселен, Мұхамеджан Тынышбайұлы Ақтабан шұбырындының тарихы толық зерттелмегенін сол кезеңде жазып, белгілі зерттеушілер Левшин

мен Бартольдтың тарихи жіберген қателіктерін ашық жазады. Автор қазақ халқы басынан өткерген қырғынның оның салдары күллі қазақтың тағдырына әсер еткенін айтады.

«Халық аңыздарында «Ақтабан шұбырынды», «Алқакөл сұлама» деген тіркестерге қоса, «қайың сауған» деген сөз де кездеседі, яғни қайыңның қабығын ашып, шырынын ішкен. 1918 жылы ашаршылық кезінде ақсақалдар бұрын қалмақ шапқыншылығы кезінде ата-бабасының көрек еткен нәрселерін еске алған. Сол тағамдардың ішінде «жау жүлдыр» – жабайы картоп тәрізді нәрсе, «алғыр» – пиязға ұқсас, бірақ өте ащы тамыр (шикі күйінде уытты), «қозы құйрық» (саңырауқұлақтар) және басқа да өсімдіктер мен олардың тамырлары, сондай-ақ харам хайуандар болған» деп жазады М.Тынышбайұлы.

Бұл жинақтағы материалдар қазақтардың шығу тарихын жан-жақты әрі көркем тілмен әңгімелеп, қазақ халқы деген ұғымды құрайтын түп тамыр мен тармақтардың, яғни қазақтың ру-тайпаларын егжей-тегжейлі сипаттайды. Кітапта қазақ шежіресі қосымша кесте түрінде берілген. Сондай-ақ Алтын орда хандарының толық хронологиясы бар. Бұл туынды оқырман қауымға, соның ішінде тарихты зерттеушілерге, Алаш тарихын жаңа көзқарас арқылы танушыларға таптырмас дерек көзі екені анық. Өйткені М.Тынышбайұлының тарихты зерттеулері өзі сияқты қасіретті тағдырды бастан кешті: Алаш арысы «халық жауы» деп атылғаннан кейін, бұл еңбектерді оқуға, шығаруға және таратуға тыйым салынды, кітапханалардан тәркіленіп, көпшілігі жойылды.



ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫН БҰЗУҒА ЖОЛ БЕРМЕУ – БАСТЫ ТАЛАП

Бүгінде мемлекет көрсететін қызметтер саны шамамен 1300-ден аса қызметті құрайды және ол тұрақты түрде жаңарып отырады. Ол дегеніміз әрбір қызмет түрінің мерзімі, ұсынылатын құжаттардың тізбесі және бас тарту негіздерін реттейтін арнайы қағидалардың болуы және заңнамада көрсетілгендей қызмет көрсетушілер осы ережелерді қатаң сақтауы керек екені айқындалған.

Алайда бұл нормалар әрдайым сақтала бермейді. Яғни қызмет көрсету тәртібін сақтамау фактілерінің орын алуы азаматтар тарапынан

моральдық наразылықты тудыра отырып, нәтижесінде бұзылған мәмілелер, уақытты жоғалту, жұмсалған қаражат және т. б. болуына алып келеді.

Департамент осы бағыттағы жұмыстың қызмет көрсету үдерісіне және бұзушылықтарды болдырмауға бағытталған тиісті алдын алу шараларына жедел әрекет етуге және жүргізуге мүмкіндік береді.

Жалпы 2024 жылы департамент басқа мемлекеттік органдарда бақылау іс-шараларын жүргізу нәтижесінде мемлекеттік қызметтердің көрсетілу тәртібін сақтамау бойынша 3588 фактіі анықтанды. Оның ішінде қызмет берушілер азаматтардың өтінішін мерзімінде тіркелмеу деректері,

тыңдау рәсімдерін өткізбеу мен тағы да басқа талаптарды орындамау бөлігінде заңнама тәртібінің сақталмауы орын алған. Нәтижесінде заңнама талаптарының бұдан әрі бұзылуына жол бермеу мақсатында департамент қызмет берушілерге тиісті шаралар қолдану, оның ішінде жауапты қызметкерлерге құқықтық түсіндірме жұмыстарын жүргізе отырып, қолданыстағы заңнама талаптарын қатаң сақтау бойынша ұсыныстар енгізді.

Егер сіздің мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқығыңыз бұзылған

жағдайда, жазбаша түрде департаментке Сарыарқа даңғылы, 13, мекенжайы бойынша не электрондық түрде «E-Отinish» азаматтардың барлық өтінішін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы және «EgovKzBot2.0» Telegram-бот арқылы «уәкілетті органға өтініш» бөлімінде жүгіне алатыныңызды атап өтеміз.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті



«ЖОЛЫ БОЛҒЫШ ЖІГІТ» ЖАҢАША ЖАҢҒЫРДЫ

Көрнекті жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Әкім Таразидің «Жолы болғыш жігіт» пьесасының жазылғанына жарты ғасыр болды. Алайда туындының айтар ойы осы заманда да өзекті. Атап айтқанда, қоғамның немесе белгілі бір мекеме басшыларының жаңашылдықты қабылдамауы, бюрократия, бастықтардың «өзім білемдікке» салынып, белден басуы, таланттардың, еркін ойлы, өз елінде теперіш көрген азаматтардың шетел асуы қазір жиі кездеседі. Астана қаласы әкімдігінің «Жастар» театры аталмыш шығарманы сахналап, бүгінгің шындығын алдымызға жайып салды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Қойылым Президент ұсынған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына да жауап береді.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Спектакльдің қоюшы режиссері – мәдениет саласының үздігі Нұрфат Вахитов. Оның айтуынша, 50 жылдан астам уақыт бұрын жазылған туындының түпнұсқадағы тілі, айтар ойы, құрылымы сақталып, тек қазіргі заманға сай өзгерістер енгізілген. Жаңаша сипатта жаңғырған қойылымда елгеzekтігі мен пысықтығының арқасында ел ішінде Асау Бөкен атанып кеткен жалынды жастардың бірі Танаш Ысқақов ауылда бұрын-соңды болмаған жаңа тәжірибе жасайды. Еңбек өнімділігін арттырып, ауылдың жағдайын жақсарту үшін жаңалық енгізбек. Алайда ауыл шаруашылығы департаментінің басшысы, министрліктің өкілі Кірпішбай Көкеновтің қарсылығына жолығады. Асау Бөкеннің бастамасын, экспериментін жоғары жақ



қолдамайды. Содан бас кейіпкер басын тауға да, тасқа да ұрады. «Асау Бөкен Астананың жанындағы үлгілі Родина ауылы сияқты елді мекенді көркейтіп, өндіріс ашып, асфальт төсетіп, әр үйге

ауыз су кіргізуді мақсат етеді. Бірақ ойын іске асыра алмайды. Спектакльдің негізгі айтар ойы – қазіргі жастардың қолдау таппай, жаңашыл идеяларының құрдымға кетуі. Содан олар шетелге кетуге

мәжбүр болады. Мұндай жағдайды қазір жиі естиміз. Бүгінде елден кетіп жатқан жаңашыл жастар бар. Биыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» болғандықтан, спектакльде жұмыскерлерді де алға шығарып отырмыз. Ауыл шаруашылығын қалай дамытуға болады деген сауалға да жауап іздейміз» дейді Нұрфат Вахитов.

Спектакльді автордың жары, көрнекті жазушы-драматург, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқанова тамашалап, оң бағасын берді.

– «Жастар» театры осы шығарманы толыққанды түсіне ала ма, подтекстердің бәрін шығара ала ма, Кірпішбай мен Асау Бөкеннің бейнелері қалай шығады деген күмәнмен келген едім. Менде бұл күмән қазір бүтіндей жойылды. Театр туындыны алып шыға алды. Бұл шығарма кезінде жабылып қалған. Қойылуына, сахнада жүруіне тыйым салынып, репертуардан алынып тасталған. Бәлкім, Кірпішбайларға ұнамаған болар. Мұндай шығарманы Кірпішбайлар, Алтын тістер қойғыза ма?! Қойғыза көрермен ақиқатты танып, біліп қоймай ма?! Бірақ ұлы шығарма ешқашан да ескірмейді. Толстойдың да, Чеховтың да, Достоевскийдің де ескірмейтіні – ұлы туындыларды жазып кеткенінде. «Жолы болған жігіт» пьесасы да бүгін ғана жазылғандай. Қазіргі ХХІ ғасырда тағы Кірпішбаймен кездесіп отырмыз. Қоғам өзгермеді. Бірақ соны өзгертетін күш – реформатор Асау Бөкендер. «Жаңа Қазақстан», «Әділетті қоғам», «Еститін мемлекет» – бұл Асау Бөкен. Бізге осындай кейіпкерлер керек. Спектакль жастарға рух беретіндей сахналанды, – деді Роза Мұқанова.

Кезінде «Жолы болғыш жігіт» Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында сахналанды. Сонда бас кейіпкер Асау Бөкенді талантты актер Әнуар Молдабеков сомдады. Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Тұңғышбай Жаманқұловтың «Актердің шеберлігі де шығарманың салмағына сай келген еді. Спектакльдің соңына қарай кейіпкер әбден қыспаққа тірелген кезде Әнуар Молдабековтің бадана көзінен жас шығып, образды шынайы алып шықты. Дәл бір автордың жан азабын терең түсініп, жазған адамдай қиналғаны бар» деген пікірі де бар.

Ал «Жастар» театрында Асау Бөкенді актер Ербол Тілеукунов сомдайды. Өртіс бас кейіпкерді өз дәрежесінде шығара алды.

ҮШ БАТЫР ҚЫЗҒА ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛАДЫ

Түркістан облысының Мәдениет басқармасы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 80 жылдығына орай Қазығұрт ауданы коммуналдық балансының «есекбінде» тұратын «Мәңгілік ел» саябағына Ұлы Отан соғысының батырлары Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова мен Халық қаһарманы Хиуаз Доспанованың ескерткішін орнату туралы республикалық конкурс жариялайды.

Қазақстанда 2025 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын атап өту жоспарлануда. Осы тарихи күнге байланысты бұл ескерткіш мүсіншілер арасында өтетін үш батырға арналған байқауда басымдыққа ие болады. Сондай-ақ осы конкурста мүсіншілер арасында құрылыстың үздік жұмыс жобаларын жасауда жан-жақтылыққа мүмкіндік беріледі.

Конкурстың мақсаты: тарихи оқиғаларды, тарихи тұлғаларды болашақ ұрпақ жадында мәңгі сақтау, Ұлы Отан соғысының батырлары Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанованың Отан қорғаудағы ерен еңбегін насихаттау, құрылысқа жоғары шығармашылық орындауды қамтамасыз ету.

Байқау материалдарына қойылатын басты талап: тақырыпты объективті, жан-жақты, терең зерттеу, ескерткішке өзіндік, шығармашылық көзқараспен қарау, өзектілік және нақтылық. Тиісті нақты жұмыс жобаларындағы материалдарға басымдық беріледі.

Конкурсқа 2025 жылдың 15 ақпанынан 2025 жылдың 17 наурызына дейінгі кезеңде жарияланған жұмыс жобалары және материалдар, фотосуреттер қабылданады. Конкурсқа материалдарды қабылдау 17 наурызда аяқталады.

Ұсынылатын материалдардың жобалары, сілтемелері, сіздің жеке деректеріңіз электронды түрде madenimura2010@mail.ru поштасына жіберілу керек. Байланыс нөмірі: 8-747-113-82-42 (конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптармен газет сайтында таныса аласыз).

ҰЛЫ ДАЛА ҰРПАҒЫ

Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында «Ұлы дала ұрпағы» әдеби-музыкалық шығармалардың жыл сайынғы қалалық байқауы өтті.

Дәстүрге айналған іс-шараға Астанадағы барлық оқу орнынан әртүрлі жастағы театр ұжымдары белсене қатысты.

Сайыстың мақсаты – жас өрендердің бойында отансүйгіштік сезімін оятып, патриоттық мәдениетін дамыту. Жас актерлердің шығармашылық қойылымын кәсіби қазылар алқасы бағалады. Олардың құрамында Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының, «Жастар» театрының актерлері, Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерттің», «Astana musical» театрының әртісі және Әзірбайжан Мәмбетов атын-

дағы мемлекеттік драма және комедия театры ұйымдастыру бөлімінің басшысы, Қазақ ұлттық өнер университетінің PhD докторы деңгейіндегі тұлғалар болды.

Биыл «Ұлы дала ұрпағы» атты әдеби-музыкалық шығармалар байқауы қазақ халқының ХІХ ғасырдағы ең көрнекті ақындарының бірі Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығы бойынша ұйымдастырылып, сол тақырыпта жазылған әдеби-музыкалық композициялар қойылды.

Байқаудың ақтық мәресіне ең үздік нәтиже көрсеткен 5 театр ұжымы іріктеліп, қатысты. Олар

– №27 мектеп-гимназия, Нәзір Төреқұлов атындағы №35 мектеп-лицей, Ә.Ермеков атындағы №38 мектеп-лицей, Мұқағали Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназия, Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназияның өнер ұжымдары.

Байқау қорытындысы бойынша жүлделі І орынды Ә.Ермеков атындағы №38 мектеп-лицей жеңіп алса, ІІ орынды Н.Төреқұлов атындағы №35 мектеп-лицей иеленді. ІІІ орынды М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназия қанжығасына байлады. Номинатия жеңімпаздары ретінде «Жігерлі ұрпақ» атымен №27 мектеп-гимна-



зия танылса, «Өнерлі ұрпақ» номинациясымен М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназия марапатталды.

Қалалық байқаудың барлық қатысушысы Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайы ұйымдастыру коми-

тетінің дипломы мен бағалы сыйлықтарға ие болды.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 18
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ